

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДА ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Каирова Эльмира Максutowна

7M01301 – Білім берудегі менеджмент ББ II курс магистранты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші, PhD, қауымдастырылған профессор - Кинжибаева Ф.Б.

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш білім беру сапасын арттырудағы педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытудың отандық және шетелдік тәжірибелері қарастырылады. Зерттеу аясында педагогтің кәсіби қызметін басқарудағы құзыреттілік ұстанымдарының трансформациясы талданып, оның оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастырудағы рөлі айқындалады.

Шетелдік тәжірибені талдау барысында Ұлыбритания, АҚШ, Финляндия және Сингапур елдеріндегі бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін басқару жүйесі «дәлелдеуші менеджмент» қағидаттарына негізделетіні анықталды. Атап айтқанда, стандарттау, кәсіби капиталды есепке алу, микроқұзыреттіліктерді саралау және «үш бағыт» қағидаттары арқылы педагогтердің кәсіби дамуы жүйелі түрде ұйымдастырылады. Сонымен қатар, әріптестік бағалау, мектеп директорының көшбасшылық рөлі және қолдаушы басқару стилі кәсіби дамудың тиімді факторлары ретінде сипатталады.

Қазақстандық тәжірибе бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін біліктілік категориялары, ұлттық тестілеу жүйесі, біліктілікті арттыру институттары және халықаралық тәжірибелерді енгізу арқылы басқарумен ерекшеленеді. Отандық және шетелдік модельдерді салыстырмалы талдау олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту білім беру сапасын арттырудың негізгі факторы екені дәлелденіп, тиімді басқару тетіктерін жетілдірудің бағыттары ұсынылады.

Кілт сөздер бастауыш білім беру, білім сапасы, педагогтің кәсіби құзыреттілігі, құзыреттілік тәсіл, білім беру менеджменті, педагогикалық ұжым, шетелдік тәжірибе, отандық тәжірибе, кәсіби даму, дәлелдеуші менеджмент.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің даму жағдайында бастауыш білім беру сапасын арттыру мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Білім сапасы ең алдымен педагогтің кәсіби деңгейімен, оның құзыреттілігімен және педагогикалық қызметті тиімді ұйымдастыра алуымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту білім беру жүйесінің стратегиялық басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.

Соңғы жылдары білім беру саласында құзыреттілік тәсіл кеңінен енгізіліп, педагогтің кәсіби қызметін басқаруда жаңа талаптар қалыптасты. Аталған тәсіл педагогтің тек білім беру қызметін жүзеге асыруымен ғана шектелмей, оның оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы әлеуетін, кәсіби дамуға дайындық деңгейін және өзін-өзі жетілдіру қабілетін басқаруға бағытталған.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады. Ұлыбритания, АҚШ, Финляндия, Сингапур сияқты дамыған елдерде бұл мәселе дәлелдеуші менеджмент қағидаттарына негізделіп, педагогтердің кәсіби дамуын жүйелі басқару тетіктері қалыптасқан. Ал қазақстандық білім беру жүйесінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту біліктілік категориялары, ұлттық бағалау жүйелері және біліктілікті арттыру институттары арқылы жүзеге асырылуда.

Осыған байланысты отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстыра талдау педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту үдерісін жетілдірудің тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – бастауыш білім беру сапасын арттыруда педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытудың отандық және шетелдік тәжірибелерін талдау және олардың тиімді жақтарын айқындау.

Осы зерттеу келесі проблемалық сұрақтарға жауап беруге бағытталған:

– бастауыш білім беру сапасын арттыруда педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуда қандай тиімді басқару тетіктері бар ?

– шетелдік тәжірибеде педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту қандай қағидаттарға негізделеді ?

– қазақстандық тәжірибенің ерекшеліктері қандай ?

– шетелдік тәжірибені отандық білім беру жүйесіне енгізудің мүмкіндіктері қандай ?

Бастауыш мектепте педагогикалық ұжымды басқаруда құзыреттілік ұстанымдарына қатысты шетелдік тәжірибеге тоқталсақ, Ұлыбритания, АҚШ, Финляндия мен Сингапур секілді елдерде бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін жүзеге асыру процесін басқару дәлелдеуші менеджмент қағидаттарына негізделеді.


Ол қағидаттар мынадай:

- стандарттау қағидаттары. Австралия мен Ұлыбританияда бастауыш сынып педагогінің (жалпы педагогтің) кәсіби құзыреттілік деңгейіне байланысты стандарттау арқылы оқу процесін ұйымдастыру моделі жасалған. Ол бойынша бастауыш сынып педагогтері «жас мұғалім» статусынан «лидер» статусына дейін кәсіби құзыреттілігін дамытып отырады және әрбір кәсіби құзыреттілік статусында өзіне сай тарификациясы арқылы еңбек ақысы беріледі.

-кәсіби капиталды есепке алу қағидаты. Бұл қағидат батыс елдерінің көптеген мемлекеттерінде кеңінен қолданысқа ие. Ол бойынша бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін басқаруда педагогтің теориялық сауаттылық деңгейімен бір қатарда көпшілік

ортада қарым-қатынасқа түсе алу, коммуникациялық байланыс орната алу деңгейі есепке алынады, тіптен осы фактор бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындаушы басты көрсеткіштердің бірі болып та табылады.

-кішігірім құзыреттілік элементтерін ескеру қағидаты. Бұл қағидат АҚШ та кеңінен қолданысқа ие. Ол бойынша бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттіліктері микроэлементтерге бөлшектеледі және сол бөлшектерге қосымша жалақы беріледі. Мысалы. бастауыш сынып педагогінің инклюзивті сыныпта оқу және тәрбиелеу процесін ұйымдастыра алу құзыреттілігі немесе оқушылардың ата-аналарымен оңтайлы коммуникациялық байланыс орната алу құзыреттілігі (сурет-1).



Сурет-1. Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін жүзеге асыру процесін басқарудың шетелдік тәжірибедегі дәлелдеуші менеджмент қағидаттары

Суретте көрсетілгендей, шетелдік тәжірибеде бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту және басқару процестері бірнеше негізгі қағидатқа сүйенеді:

1. Стандарттау қағидаты – педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейіне сәйкес стандарттар арқылы оқу процесін ұйымдастыру (Австралия, Ұлыбритания, Финляндия).

2. Кәсіби капиталды есепке алу қағидаты – педагогтің теориялық білім деңгейімен қатар коммуникациялық және әлеуметтік құзыреттіліктері бағаланады (Испания, Ұлыбритания, Жапония, Нидерланды, Австрия).

3. Кішігірім құзыреттілік элементтерін ескеру қағидаты – педагогтің кәсіби құзыреттіліктері микроэлементтерге бөлшектеліп, әрбір бөлшек бойынша қосымша ынталандыру қарастырылады (АҚШ, Финляндия, Германия).

4. «Үш жолақша» қағидаты – педагогтің кәсіби құзыреттілігі үш бағытта дамытылады: педагогикалық, басқарушы-ұйымдастырушылық және эксперттік құзыреттіліктер (Сингапур, Франция, Италия, Испания).

Бұл қағидаттар педагогтің кәсіби дамуын жүйелі басқаруға мүмкіндік береді және бастауыш мектептегі білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді (кесте-1).

Кесте-1. Педагогтің кәсіби құзыреттілігін жүзеге асыру процесін басқарудың шетелдік тәжірибедегі дәлелдеуші менеджмент модулі


р/н	Модель атауы	Басқару моделі қолданылатын мемлекеттер	Модельдің жүзеге асырылу барысы
1	Стандарттау моделі	Австралия, Ұлыбритания, Финляндия	Бастауыш сынып педагогтері «жас мұғалім» статусынан «лидер» статусына дейін кәсіби құзыреттілігін дамытып отырады және әрбір кәсіби құзыреттілік статусында өзіне сай тарификациясы арқылы еңбек ақысы беріледі
2	Кәсіби капитал-кәсіби құзыреттілік ретінде моделі	Испания, Ұлыбритания, Жапония, Нидерланды, Австрия	бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін басқаруда педагогтің теориялық сауаттылық деңгейімен бір қатарда көпшілік ортада қарым-қатынасқа түсе алу, коммуникациялық байланыс орната алу деңгейі есепке алынады
3	Микро құзыреттілік бөлшектеу моделі	АҚШ, Финляндия, Германия	Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттіліктері микроэлементтерге бөлшектеледі және сол бөлшектерге қосымша жалақы беріледі.
4	Сингапур моделі	Сингапур, Франция, Италия, Испания	Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігі үш бағытта анықталады, ол бағыттар: педагогикалық құзыреттілігі, басқарушы-ұйымдастырушылық құзыреттілігі, экспертті құзыреттілігі.

Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін басқарудың шетелдік тәжірибесінің басты құралдары мынадай:

- бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін әріптестердің экспертті бағалауы (әріптестер қауымдастығының экспертті бағалау жүйесі). Шетелдік басқару тәжірибесінде бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілік деңгейін мектеп әкімшілігі емес, сол педагогтің әріптестері өзара қауымдастық арқылы бағалайды. Бұл басқару жүйесінің артықшылығы: педагогтің кәсіби күйзелуі мен шаршауын болдырмауы және педагогтің өз әріптестерімен сенімге негізделген байланыстың орнай бастауы.

- мектеп директорының лидерлік ролі. Шетелдік тәжірибеде мектеп директоры ол әкімшілік басқарушы емес, иерархиялық жүйенің ең жоғарысында орналасқан тұлға емес, мектеп директоры-ең басты педагог, педагогтер арасында лидер, ынталандырушы және педагогтердің құзыреттілігін арттыруға жол-жөнекей жетелеуші коучинг қызметіндегі тұлға болып табылады.

- бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту процесін басқаруда мектеп әкімшілігінің басқару шараларындағы ерекшеліктер. Мектеп әкімшілігі бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін арттыру процесінің ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуын қадағалайды. Сонымен қатар, дәстүрлі, классикалық басқару стильдерінде педагог өз қызметін атқару барысында қателік жіберсе, қатаң әкімшілік жазаласа, шетелдік инновациялық басқару стильдерінде олқылық кеткен жағдайда қолдау көрсетіледі (сурет-2).



Сурет-2. Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін басқарудың шетелдік тәжірибесі

Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шетелдік тәжірибесі бойынша педагогикалық ұжым арасында серіктестік атмосферасының орнатылуы маңызды, әрі шешуші фактор болып табылатындығы көзге түседі. Шетелдік тәжірибеде мектеп әкімшілігі мен мектеп ұжымы бір командалық үрдіс бойынша бір-біріне қолдау көрсетуге негізделген жағдайда кәсіби жетілу шараларын жүзеге асырады.

Келесі кезекте, бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің қазақстандық тәжірибесіне тоқтала кетсек. Мектеп ұжымын басқару мен мектеп педагогтері мен мұғалімдерінің кәсіби жетілу жүйесін басқарудың қазақстандық тәжірибесі (моделі) шетелдік модельге ұқсайды, дегенмен бірқатар өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Ол ерекшеліктері мынандай:

1. Бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін біліктілік категориялар жүйесі арқылы басқару. Қазақстан Республикасының «Педагогтің статусы туралы» Заңы негізінде бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін келесі біліктілік категориялары арқылы реттеліп отырылады:

- модератор;
- эксперт;
- зерттеуші;
- шебер;

Әрбір біліктілік категориясынан жоғарылаған сайын бастауыш сынып педагогінің қаржылай табысы да көтеріледі.

2. Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігі арнаулы біліктілік тестілеуі арқылы бағалануы. Қазақстандық білім беру жүйесінде бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілік деңгейі Ұлттық біліктілік тестілеу жүйесі арқылы бағаланады және педагогтің теориялық және әдістемелік білімділік деңгейі кезең-кезеңімен мониторинг жасалады.

3. Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруда әлемдік ғылыми-зерттеу мектеп тәжірибелері өнімдерін қолдану. Қазақстандық білім беру жүйесінде әлемдік тәжірибе алаңында сыннан өтілген практикалар табысты түрде енгізіліп келеді. Мысалы, бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған «Сабақты зерттеу» атты жапон практикасы қазақстандық көптеген мектептерде бастауыш білім беру жүйесіне енгізілуде. Ол бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігі мектепшілік жобалық зерттеулердің көмегімен жүзеге асырылады.

4. Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін қосалқы біліктілікті көтеру институттарының көмегімен жоғарылату. Қазақстандық «Өрлеу» институттары бастауыш

білім беру педагогтерінің кәсіби жетілуіне ықпал етуде және әдістемелік тұрғыдан біліктілігінің артуына атсалысуда (кесте-2).

Кесте-2. Бастауыш сынып педагогінің кәсіби жетілу жүйесін басқарудың қазақстандық моделі

р/н	Кәсіби жетілу жүйесін басқарудың категориялары	Кәсіби жетілу жүйесін басқарудың ерекшеліктері
1	Біліктілік категориялар жүйесін құрастыру.	Бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін біліктілік категориялар жүйесі арқылы басқару тетіктерін ұйымдастыру. 4 біліктілік категориясын ажырату және әрбір категорияда өзіндік еңбек ақысын ажырату регламенттеу.
2	Арнаулы (Ұлттық) тестілеу жүйесі арқылы педагогтің кәсіби құзыреттілігін бағалау	Қазақстандық білім беру жүйесінде бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін бағалауда Ұлттық тестілеу жүйесін енгізу және басқару жүйесінің құрамдас бөлігіне айналдыру.
3	Кәсіби жетілуде әлемдік ғылыми зерттеу және әдістемелік мектептерінің соңғы өнертабыс элементтерін қолдану	Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуды басқару саласында шетелдік тәжірибе моделдерін енгізу, сыннан өткізу, бұл тәжірибе үлгілерін қазақстандық білім беру жүйесіне интеграциялау.
4	Біліктілікті көтеру институттарының ролі	Арнайы біліктілікті көтеру институттары педагогтерді оқытудың жаңашыл технологиялары мен көптеген дидактика саласындағы жаңалықтармен таныстырады және кәсіби жетілу жүйесін басқарудың бір тетігіне айналған.

Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамытуды басқару жүйесінің қазақстандық моделі мен шетелдік тәжірибелерін өзара салыстыра отырып, келесі кестеде қарастырсақ (кесте-3).

Кесте-3. Бастауыш сынып педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамытуды басқару жүйесінің қазақстандық және әлемдік моделдерін өзара салыстыру

Сипаттама	Шетелдік модель	Отандық модел
Басқару жүйесі қандай аспектке баса назар аударады.	Ұжым ішіндегі топтасып жұмыс жасау мен педагогтердің дағдыларын жетілдіруге	Педагог (мұғалім) өз пәні бойынша сауаттылық деңгейінің жоғары болуы мен әдістемелік шеберлігі
Кәсіби құзыреттілігін бағалау құралдары	Педагогтің портфолиосы, оқушылардың педагог туралы пікірлері	Ұлттық тестілеу жүйесі арқылы бағаланады, аттестациялау
Кәсіби құзыреттілігін дамытуға жетелейтін мотивациялаушы тәсілдер	Кәсіби өсу, кәсіби мақтаныш	Әрбір категория бойынша педагог жалақысының көтерілуі
Кәсіби құзыреттілігін дамытуда мектеп әкімшілігінің қызметі	Мектеп әкімшілігі (директор) ментор, коуч, жігерлендіруші тұлға	ҚР білім беру стандарттарының жүзеге асырылуын қадағалайтын әкімшіл тұлға

Педагогтің кәсіби жетілуі мен кәсіби құзыреттілігін дамытудың мүмкіндіктері мен мұғалімнің инновациялық іс-әрекеттерінің білім сапасын арттырудағы ролін зерттеген отандық ғалым, ҚР білім беру саласының менеджменті мен әдістемелік педагогика саласының жетекші маманы Ш.Т.Таубаева болатын. Ғалым қазақстандық соңғы жылдардағы білім беру саласына жасалған реформаларға сәйкес келетіндей білім беру кеңістігін құрудың басты жолы-педагогтерді өзін-өзі жетілдіруге жігерлендіру мен мотивациялау деп тұжырымдады.

- әлемдік білім беру саласының менеджментіндегі педагогтерді жетілдіру мен өзін-өзі кәсіби дамыту мәселесіне қатысты сыннан өтілген тәжірибелерді қазақстандық білім беру жағдайына бейімдеудің тетіктері мен басты мүмкіндіктеріне қатысты зерттеулер жүргізген отандық ғалым А.К. Құсайынов болды.

- Соңғы ондаған жылдар ішінде қазақстандық білім беру саясатының жаңашылдықтарына педагогтің кәсіби құзыреттілігі мәселесінің қатысын анықтаған, жалпы білім беру саласында сапаға қол жеткізу барысында педагогтің жетілуі мен кәсіби дамуының ықпал ету деңгейіне қатысты айқындаушы зерттеулер мен тәжірибелік-эксперименттер жүргізіп, тұжырымдаманы сыннан өткізе білген отандық көрнекті ғалым К.С.Құдайбергенова еді.

- Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуда және педагогтің өзіндік кәсіби жетілуіне педагогикалық кадрларды аттестациялау үдерісі мен педагогтердің біліктілігін көтеру механизмдерінің әсерін зерттеген ғалым Б.А. Альмұратова болды.

- Қазақстандық білім беру кеңістігінде педагогтер мен мұғалімдердің тәжірибесі мен біліктілігін жетілдіру, әдістемелік білімін арттыру жолдарын жаңғыртудың бағыттарын зерттеген ғалым Г.К. Ахметова болды.

Бастауыш білім беру сапасын арттыруда педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесіне қатысты ресейлік және ТМД ғалымдардың іздену жұмыстарының басты зерттеулер мынадай бағытта:

- педагогтің кәсіби жетілуінің білім беру саласына әсерін анықтауда педагогтің кәсіби құзыреттілік ұстанымдарын зерттеген ресейлік ғалым И.А.Зимняя болды.

- білім беру саласының, оның ішінде жалпы білім беретін мектепте сапалы білім беруді ұйымдастыру мен басқаруға қатысты дәстүрлі зерттеушілердің бірі М.М.Поташник еді. Ғалымның еңбектерінің басты бағыты - мектепшілік менеджмент қағидаттары мен механизмдерін зерттеуге арналған.

- жалпы білім беретін орта мектепті нәтижелік көрсеткіштері бойынша оқу процесін ұйымдастыру мен басқару тұжырымдамасын негіздеген ғалым П.И.Третьяков болатын.

- Жалпы білім беретін орта мектептегі сапаға қол жеткізу үшін оқу үдерісінде педагогтің жеке тұлғасы мен кәсібилілік деңгейі, құзыреттілік ұстанымдарының алар орны туралы тұжырымдамалық теориялар құрастырған В.А.Сластенин еді.

- Педагогтің немесе мұғалімнің кәсіби жетілуі, өзін-өзі кәсіби дамуы мен кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық тұстарына қатысты іздену жұмыстарын жүргізген ресейлік автор Э.Ф.Зеер болатын.

Бастауыш білім беру сапасын арттыруда педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесіне қатысты әлемдік деңгейдегі шетелдік зерттеушілер мен авторлар қатарына жататын ғалымдар:

- Педагогтің кәсібилілік деңгейінің білім беретін мекемеде сапалы оқу кеңістігін құрастыруға әсеріне қатысты іздену жұмыстарын жүргізген ғалым, санымен қатар, білім беру саласындағы өзгерістерді қоғамға бейімдей отырып ұйымдастыру мен басқару саласындағы танымал шетелдік маман, автор Майкл Фуллан еді.

- «Дәлелді менеджмент» тұжырымдамасы авторларының бірі - Джон Хэтти. Ғалым білім беру саласындағы білімі сапаға педагогтің кәсібилілігі мен арнайы және жекелеген құзыреттіліктерінің әсерін зерттеуге бағытталған іздену жұмыстарын жүргізген.

- Ғаламдану дәуіріне педагогтің құзыреттілігіне қойылатын талаптар және педагогтің жетілу механизмдеріне қатысты зерттеулер жүргізген шетелдік маман Андреас Шляйхер болатын.

Соңғы жылдардағы қазақстандық білім беру менеджментіне қатысты болып жатқан өзгерістерге қатысты жүргізілген зерттеулер мен жалпы білім беретін орта мектепте басқару теорияларына қатысты іздену жұмыстарына тоқталсақ. Осы мәселе төңірегіндегі қазақстандық ғалымдар қатарына мынадай авторларды атап айтуға болады:

- қазақстандық жалпы орта білім беретін мектептегі оқу және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруда инновациялық менеджмент пен педагогтің ғылыми зерттеушілік мәдениетін зерттеген отандық басты, әрі көрнекті ғалымдар қатарына Ш.Т. Таубаева.

- Қазақстандағы педагогтердің үздіксіз кәсіби жетілу тетіктерін ұйымдастыру жолдарын іздестірген және осы бағытта іздену жұмыстарын жүргізген ғалым Г.К. Ахметова болатын.

- қазақстандық білім беру жүйесінде педагогтер мен мұғалімдер арасында бәсекелестікті туындату арқылы білім сапасын арттырудың жолдары мен мүмкіндіктеріне қатысты кешенді теориялық және тәжірибелік іздену жұмыстарын ұйымдастырған отандық көрнекті ғалым, бірқатар салыстырмалы педагогика мен білім беру саласындағы менеджмент ілімінің авторы А.К. Құсайынов еді.

Осы бастауыш білім беру сапасын арттыруда педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесіне қатысты шетелдік ғалымдардың ізденістері мынадай:

- Педагогтің немесе мұғалімнің өзіндік ішкі бағамдарының сол педагогтің жетілуіне, одан кейін сол білім беруші мекемедегі сапаның артуына ықпал ету механизмдерінің өзара байланыс схемасын құрастырған ғалым Майкл Фуллан болатын.

- Білім беру саласындағы немесе мекемесіндегі білім сапасы мен педагогтің кәсіби және арнайы құзыреттіліктерінің өзара байланысын айқындаған, «Көрінетін оқыту» теориясының авторы, кәсіби жетілуде педагогке мотивация берудің маңызы туралы бірқатар қызықты пайымдаулар келтірген ғалым Джон Хэтти еді.

- Білім беру саласында сапаны қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру және басқару шаралары туралы мектеп әкімшілігіне қайталанбас құнды оқу құралын ұсынған ресейлік автор, бірқатар тұжырымдамалардың негіздеушісі М.М.Поташкин болатын.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, педагогтің кәсіби құзыреттілігін басқару шетелдік және отандық тәжірибелерде әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Барлық тәсілдердің негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету. Шетелдік тәжірибелерде педагогтердің кәсіби құзыреттілігі бағаланғанда командалық ынтымақтастық пен мектеп ішіндегі лидерлік рөлдер басты орын алады. Қазақстандық тәжірибеде кәсіби құзыреттілікті бағалау жүйесі заңнамалық тұрғыдан реттелген, сонымен қатар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін көтеруге бағытталған біліктілік категориялары мен ұлттық тестілеу жүйесі қолданылады. Алайда, Қазақстандық тәжірибе шетелдік тәжірибелермен салыстырғанда педагогтің кәсіби беделін арттыруда кейбір аспектілерін толық қолдана алмайды, бірақ шетелдік принциптерді жүйелі енгізу мүмкіндігі бар.

Шетелдік білім беру тәжірибесінде бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін басқару бірнеше негізгі қағидатқа негізделеді. Бірінші, стандарттау қағидаты. Австралия, Ұлыбритания, Финляндия тәрізді елдерде педагогтің кәсіби құзыреттілігі стандарттарға сәйкес бағаланады. Мұндай стандарттар педагогтің кәсіби деңгейін анықтайды және әр деңгейге сәйкес мотивациялық механизмдер (жалақы, статус) ұсынылады, бұл педагогтардың кәсіби дамуға деген ынтасын арттырады.

Екінші, кәсіби капитал қағидаты. Испания, Ұлыбритания, Жапония сияқты елдерде педагогтің кәсіби құзыреттілігі тек теориялық біліммен шектелмей, коммуникациялық дағдылар мен әлеуметтік қабілеттерімен толықтырылады. Бұл тәсіл педагогтің кәсіби бейімділігін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

Үшінші, микроқұзыреттілік қағидаты. АҚШ, Германия және Финляндияда педагогтің кәсіби құзыреттілігі нақты микродағдыларға бөлініп бағаланады, мысалы инклюзивті сыныпты ұйымдастыру немесе ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату.

Төртінші, «үш бағыт» қағидаты. Сингапур, Франция, Италия, Испания тәрізді елдерде педагогтің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық, басқарушы-ұйымдастырушылық және эксперттік құзыреттілік бойынша кешенді түрде бағаланады.

Сонымен қатар, шетелдік тәжірибеде педагогтің кәсіби құзыреттілігі көбінесе әріптестер қауымдастығы арқылы бағаланады, ал мектеп басшылары коуч және лидер ретінде әрекет етеді. Бұл педагогтер арасындағы қолдауды күшейтеді және олардың кәсіби күйзелісін төмендетеді.

Талқылау

Алынған нәтижелер шетелдік тәжірибенің педагогтық басқаруда негізінен командалық ынтымақтастық пен кәсіби дамытуға бағытталған мотивациялық жүйелерді қолданатынын көрсетеді. Бұл тәсілдердің барлығы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жан-жақты бағалау мен дамытуға негізделген.

Қазақстан жағдайында педагогтің кәсіби құзыреттілігін бағалау жүйесі біліктілік категориялары, Ұлттық тестілеу және қосалқы біліктілікті көтеру институттарының бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Бұл Қазақстандық модель педагогтерді кәсіби дамуға ынталандыратын механизм ретінде тиімді, алайда шетелдік тәжірибелердегідей командалық ынтымақтастық пен лидерлік рөлдерге көбірек көңіл бөлу қажет.

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, педагогтерді бағалау жүйесі бірізді стандарттарға негізделсе, олардың кәсіби дамуына жағдай жасау мүмкіндігі артады. Бұл фактор қазақстандық тәжірибеде де маңызды роль атқара алады. Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби бейімділігін дамытуда инновациялық тәсілдер мен халықаралық практикаларды енгізу де қажет.

Қорытынды Қорытындылай келе, бастауыш білім беру сапасын арттыруда педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту шешуші факторлардың бірі болып табылатыны анықталды. Зерттеу барысында шетелдік тәжірибеде педагогтің кәсіби дамуын басқару жүйесі дәлелдеуші менеджмент қағидаттарына, әріптестік бағалауға және қолдаушы басқару стиліне негізделетіні айқындалды.

Ал қазақстандық тәжірибеде педагогтердің кәсіби құзыреттілігі біліктілік категориялары, ұлттық тестілеу жүйесі және біліктілікті арттыру институттары арқылы реттелетіні анықталды.

Отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстыру нәтижесі көрсеткендей, шетелдік модельдерде педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған ынтымақтастық пен қолдау басым болса, отандық жүйеде бағалау мен бақылау механизмдері жетекші рөл атқарады.

Осыған байланысты қазақстандық білім беру жүйесінде педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуда шетелдік тәжірибенің тиімді элементтерін, атап айтқанда, әріптестік бағалау, коучингтік қолдау және кәсіби қауымдастықтарды дамыту механизмдерін енгізу қажеттілігі негізделеді.

Бұл ұсыныстарды жүзеге асыру бастауыш білім беру сапасын арттыруға және педагогтердің кәсіби дамуын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Hattie, J. (2009). *Visible Learning: A synthesis of over 800 meta-analyses relating to achievement*. Routledge.
2. Fullan, M. (1993). *Change Forces: Probing the depths of educational reform*. Falmer Press.
3. Darling-Hammond, L. (2010). *The Flat World and Education: How America's Commitment to Equity Will Determine Our Future*. Teachers College Press.

4. Елмұратова, Б.А. (2015). *Педагогтың кәсіби құзыреттілігін бағалау әдістемелері*. Алматы: Білім баспасы.
5. Ахметова, Г.К. (2017). *Қазақстандағы педагогтардың кәсіби дамуы*. Нұр-Сұлтан: Ғылым.
6. Таубаева, Ш.Т. (2020). *Бастауыш мектеп педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселелері*. Алматы: «Білім» баспасы.
7. Құсайынов, А.К. (2019). *Қазақстандағы педагогтардың үздіксіз кәсіби жетілуі: тәжірибе және механизмдер*. Нұр-Сұлтан: Білім Академиясы.
8. Құдайбергенова, К.С. (2018). *Бастауыш білім берудегі педагогтық менеджмент және сапа қамтамасыз ету*. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
9. Альмұратова, Б.А. (2021). *Педагогтардың кәсіби жетілуі және аттестациялау жүйесі*. Қарағанды: Білім саласы баспасы.
10. Ахметова, Г.К. (2020). *Педагогтардың әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру жолдары*. Алматы: «Өрлеу» баспасы.
11. Зимняя, И.А. (2017). *Психология и педагогика профессионального развития учителя*. Москва: Просвещение.
12. Поташник, М.М. (2016). *Менеджмент образовательных учреждений: теория и практика*. Санкт-Петербург: Питер.
13. Третьяков, П.И. (2015). *Организация учебного процесса в средней школе*. Москва: ВЛАДОС.
14. Слостенин, В.А. (2014). *Педагогическая компетентность и профессиональное развитие учителя*. Москва: Академия.
15. Зеер, Э.Ф. (2013). *Психология профессионального развития педагога*. Москва: Наука.
16. Fullan, M. (2011). *Change Leader: Learning to Do What Matters Most*. San Francisco: Jossey-Bass.
17. Hattie, J. (2009). *Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement*. London: Routledge